



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Ү. Көп әйелдер - коммуникативті, олар сенімгерлік мінез-құлықпен ерекшеленеді. Олар ұйымдастырушылық және жоспарлау функцияларын жақсартады, өзгерен жағдайларға тез бейімделеді, еңбек өнімділігінің өсуіне үлес қосады.

Ү. Гендірлік әлеуметтену болжамы кеңістік қабілетінің айырмашылығы ұлдармен қыздардың әртүлі тәрбиелінуіне байланысты деп көрсеткен. Американдық зерттеушісі Дж. Крамер көрсеткендей қыздардың қабылдауы ұлдардыкінен қарағанда басқаша екенін көрсеткен. [5].

Қорыта келгенде әйел адамдарының ер адамдарға қарағанда физикалық күші аз болса да, олардың психологиялық жағынан қиындыққа төзе алатыны, ерлерге қарағанда бойындағы энергиясының көп екендігі дәлелденген. Қазақ әйелдің қырық жаны бар деп бекер айтпаса керек. Оған дәлел қазіргі қоғамда әйелдер бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетіп отырғаны дәлел. Біздің қоғамда әйелдерді қолдауда көптеген іс-шаралар өткізілуде, ата-заңымызда да әйелдердің ерлермен тең құқықты екені айтылған. Мен де қазақ қоғамындағы әйел адамдардың дәрежесін өсіруге, олардың уақыттарын тиімді пайдаланып, бизнес саласында да өз кәсіптерін дамытуына өз үлесімді қосқым келеді. Әлем әйелмен әдемі. Қырық шырақты асыл, құнды, теңдесі жоқ қазақ әйелдеріміздің қолда барда қадірін білуге қоғамды шақырамын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Статистикалық жинақ / қазақ тілінде / Астана қаласы 2016
2. Қазақстан өңірлері бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы туралы есеа беру 2016 жыл кітпбынан, 6 бет.
3. <https://www.forbes.kz>
4. Қазақстанда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты іріктемелі зерттеу / 21 бет.
5. «Гендерлік психология» Оқу әдістемелік материалдар. 38 бет

УДК 159.9

### **ИНТЕРНЕТКЕ ҚҰМАР ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Сәрсенбек Ардақ,**

**Құрмашова Айдана**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология мамандығының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Соңғы жылдары бүкіләлемдік мәселе – жасөспірімдердің, мектеп оқушыларының әлеуметтік желілердегі вертуалды қатынас мәселесі болып отыр. Оның пайдасы мен зияны туралы ақпараттар жиі айтылады. Осы мәселеге байланысты біз, психологиялық мерзімді басылымдағы еңбектерге шолу жаса, өз болжамымызды баяндауға тырысамыз.

Әуелі Ресей зерттеулеріне тоқталайық. 2011 жылы Мәскеуде өткен «Аддиктивті мінез-құлық: профилактика және реабилитация» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда психология ғылымдарының докторы, профессор Ю.А. Меркурьев өзінің зерттеу жұмыстарын Мәскеу қаласының Орталық әкімшілік округі мектептерінің бірінде, 100-ге тарта жеткіншектермен өткізеді. Автор жеткіншектердің интернеттегі мінез-құлық пен іс-әрекетін анықтауға арналған К.А. Феклисов пен Е.А. Смирнованың құрастырған анкета бойынша зерттеу жүргізеді. Онда зерттелінушілерді 2 топқа: эксперименталды топ және бақылау тобы деп бөліп алады.

Эксперименталды топтағы 32 адам интернетте күніне интернетке кемінде 3 сағат жұмсап отыратын жасы 14-16 аралығындағы балалар боды, ал бақылау тобындағы 32 адам

интернетте 3-сағаттан аз уақыт кетіретін, әлеуметтік белсенділігі едәуір жоғары, он-лайн ойындарына қызыға бермейтін, жасы 14-16 аралығындағы балалар болды.

Автор интернетке тәуелді және интернетке тәуелді емес балалардың дене бітімі бойынша өзгешеліктері туралы мәлімет алу мақсатында «Менің дене образым әдістемесі» (М. Feldenkreis, И.А. Соловьева адаптациясы) мен «Адам суреті» әдістемесін (К. Маховер) пайдаланады.

«Менің дене образым әдістемесі» бойынша интернетке тәуелді балалардың өзіндік өзгешеліктері мен дене бітімінде даму ерекшеліктері болатындығы анықталады. Дәлірек айтсақ, балаларда аяқ табанның қысқаруы байқалады, бұл дегеніміз, сол адамда тұрақтылықтың жетіспеушілігін, сүйенішінің болмауын және сенімділігінің жетіспеушілігін көрсетеді. Сондай-ақ, оларды қолдың қысқаруы да аңғарылған, бұл дегеніміз интернетке тәуелді балаларда қарым-қатынастың бұзылуы немесе қарым-қатынасында проблемалары болатындығын және коммуникациялық құзіреттілігінің кешеуілдеуін көрсетеді.

Ал «Адам суреті» әдістемесі бойынша интернетке тәуелді балалардың 75% адам бейнесінде мойын суреті әлсіз штрихпен белгіленген. Ол адамның сенімсіздігін білдіреді, зерттелінушілердің 70% адам бейнесінде қолды артқы жақта ұстап тұрғандығын салған. Бұл қарым-қатынастың бұзылуын білдіреді. Сондай-ақ, эксперименттік топтағы балалардың салған суреттерінің дифференциациясының болмауы аңғарылған, яғни дене бітімімен үйлесімділігінің болмауын білдіреді.

Келесі эксперименттік зерттеуге талдау жасайтын болсақ, К.А. Фексиков деген жас ғалым интернетке құмар жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу мақсатында 100-ге жуық жеткіншектерге тұлғалық ерекшеліктерді анықтауға арналған тесттік әдістер қолданған. Нақтырақ айтар болсақ, Кимберли Янгтың интернет-құмарлықты анықтауға арналған тест (Бурова адаптациясы) жүргізу арқылы алған зерттеу нәтижесі мынадай көрсеткішке ие болды: жасөспірімдердің 39% әлеуметтік желілерге, 40% қарым-қатынас құралдарына, 9% онлайн-ойындарға, 4% азарттық ойындарға, 14% форумдарға, 4% ақпараттық құралдарға уақытын жұмсайды екен. Осы жағдайда интернетте көп уақытын жұмсайтын жеткіншектерді іріктеп алып, олардың тұлғалық ерекшеліктерін анықтау мақсатында Кеттел тұлғалық сауалнамасын қолданады. Және бұл сауалнама нәтижесі бойынша төмендегідей нәтижеге ие болды: интернетке құмар жеткіншектерге эмоционалды тұрақсыздық; қозғыштық; уайымшылдық; өзін-өзі ұстай алмаушылық тән екендігін көрсетеді.

Психологиялық зерттеулердің келесі бірі – Е.И. Роговтың интернет-құмарлықты жалғыздыққа бейімділік деп қарастыра отырып, Ресейде оқитын 14-16 жас аралығында 100 жеткіншекке жүргізген экспериментін атауға болады. Автор коммуникативтілікке және жалғыздыққа бейімділікті зерттеу үшін «Коммуникативті бейімділік пен ұйымдастырушылық бейімділік диагностикасы (КОС-2)» әдістемесін, А.Жичкинаның интернетке құмарлық шкаласын, және өзінің авторлық диагностикалық еңбегі «Жалғыздық» шкаласын қолданады. Зерттеуші эксперименттік сауалнаманы интернет арқылы, яғни электронды пошта, форумдар, Skype арқылы жүргізеді. Алынған нәтижелерге талдау жасайтын болсақ, интернет қолданушылардың 53 % интернет құмарлыққа тәуелсіз, 43% интернет-құмарлыққа бейім, 4% интернетке толықтай құмар. Осы интернетке құмарлығы басым зерттелінушілердің ішіндегі 59% уақытша болса да, жалғыздық деңгейдің басымдылығын көрсетсе, зерттелінушілердің 46 % жалғыздық мінез-құлықтық тән екендігі алынған. Оларда жалғыздық сезімдері жиі орын алады.

Е.И. Роговтың интернет-құмарлықтығы басым зерттелінушілердің коммуникативтілік бейімділігін зерттеуге бағытталған эксперимент нәтижесі бойынша интернетке құмар адамдардың басқа адамдармен қарым-қатынас жасай алмайтындығы анықталған. Сондықтан да оларда жалғыздыққа бейімділік анықталды.

Психологиялық эмпирикалық ақпараттардың бірі – Е.А. Смирновтың «Отбасы тәрбиесіндегі интернет-құмарлықтың ерекшеліктері» мақаласына сүйенсек, интернетке

құмар жасөспірімдер мен интернетке аз уақытын жұмсайтын балалардың отбасындағы тәрбие ерекшеліктерінде де айтарлықтай өзгешеліктері бар екендігін алға тартады.

Е.А. Смирнов зерттеуге 13-17 жас аралығында 114 жеткіншектерді қатыстырады. Және оларды 2-топқа бөледі: біріншісі - бақылау тобы(114 жеткіншек,22 ата-ана), екіншісі – эксперименттік топ(74 жеткіншек, 23 ата-ана). Барлық жеткіншектер Мәскеудегі 8-10 сынып оқушылары. Алғашында олар Кимберлинг Янгтың интернет-құмарлықты анықтайтын тестілеуінен өтеді.Ол арқылы интернетте кемінде 2 сағат отыратын жеткіншектер анықталады. Яғни, олар тестідеуден 60 баллдан жоғары алған жеткіншектер. Негізгі ұстаным – отбасылық тәрбие ерекшеліктері болғандықтан, отбасы коммуникациясын анықтауға арналған кең ауқымды әдістемелер қолданылады:

- Психодиагностикалықәңгімелесу;
- Отбасылық социограмма;
- «Отбасылық қарым-қатынас анализы» сауалнамасы;
- Қарым-қатынастың түрлі-түсті тесті (ЦТО);
- «Жеткіншектер ата-аналары туралы» әдістемесі (ПОР);
- «Әлеуметтікатом»әдістемесі;
- «Ана мен бала» әдістемесі.

Соңғы зерттеу нәтижесі бойынша бала мен ананыңотбасы образында өзара корреляция жоқ екендігі анықталады. Эксперименталды топтың 80%-ында ата-ананың балаға аз көңіл бөлетіні,көбінесе үйдің басқа баласына көңіл бөлетіні, ана мен бала қашықтық қарым-қатынаста екендігі анықталған. Бақылау тобында бұндай жағдай тек 18%-ында ғана анықталады.

Қорыта келе айтатынымыз, қалай айтсақта, интернет желілерінде көп уақытын жұмсайтын жасөспірімдер мен жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерінде едәуір өзгешеліктер байқалады. Өзіндік сипатқа тән. Сондықтан, интернетке құмар балалармен жеке даралық ықпал ету мен психологиялық көмек көрсетудің жолдарын қарастыру қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Особенности образа тела у подростков, склонных к Интернет зависимому поведению, и его коррекция. //Всероссийская научно-практическая конференция с международным участием, «Аддиктивное поведение:профилактика и реабилитации», М, 2011
2. [Феклисов К.А.](#), Психологические особенности подростков, склонных к Интернет-зависимому поведению//Всероссийская научно-практическая конференция с международным участием, «Аддиктивное поведение:профилактика и реабилитации», М., 2011
3. [Рогов Е.И., Рогова Е.Е.](#) Интернет-зависимость как стремление к одиночеству// Всероссийская научно-практическая конференция с международным участием, «Аддиктивное поведение:профилактика и реабилитации», М., 2011
4. Смирнова Е.А. Особенности семейного воспитания при Интернет-зависимости//Всероссийская научно-практическая конференция с международным участием, «Аддиктивное поведение:профилактика и реабилитации», М., 2011